



Физика – математика пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің
2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Әдістемелік бірлестіктің тақырыбы: "Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - физика-математикалық цикл пәндерін оқытуда нақты нәтижеге қол жеткізудің негізі".

Жұмыс мақсаты:

- 1) физика-математикалық цикл пәндерін оқытуда оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, жалпы оқу дағдыларын, өз бетінше білім алу дағдыларын және шығармашылық қабілеттерін дамыту.
- 2) ӘБ мұғалімдерінің математиканы, физиканы және информатиканы оқыту сапасын арттыруға ықпал ететін инновациялық педагогикалық технологияларды енгізуі.

Міндеті:

- ✓ Оқушыларды математика, физика, информатика пәндерінен оқыту сапасын арттыру.
- ✓ Белсенді оқыту формаларын қолдану арқылы пәнге деген қызығушылықты дамыту. Математиканы, физиканы және информатиканы оқу кезінде оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту үшін жағдай жасау (ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ зерттеу жұмысы).
- ✓ Кіріс және шығыс бақылау нысандарын жетілдіру. Оқыту сапасын диагностикалауды жүргізудің әртүрлі әдістерін енгізу.
- ✓ Заманауи білім беру технологияларын қолдану арқылы оқыту сапасын арттыру. Оқушылардың жетістікке деген ұмтылысын дамытуға және қолдауға ықпал ететін оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру.
- ✓ Білім беру мазмұнының орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.